

КПО-ның Қауіпсіздік ережелері бағдарламасы бойынша марапаттау рәсімі

Осы жылдың мамыр айында КПО компаниясы Қауіпсіздік ережелері бағдарламасы (ПБП) бойынша жыл сайынғы кезекті марапаттау рәсімін өткізді. Оған КПО қызметкерлері мен Жобада жұмыс жасайтын мердігерлік компаниялардың өкілдері қатысты. Марапаттау рәсімі «Арман» мәдени-ойын-сауық орталығында өтті.

Қауіпсіздік ережелері бағдарламасы өндірісте бақытсыз жағдайларды болдырмаудың тиімді құралы болып табылатынын атап айту қажет. Қауіпсіздік ережелерін өндіріс орындарында қолдану Жобада жұмыс жасап жатқандардың бақытсыздық жағдайлар мен оқиғалардан аулақ болуына мүмкіндік береді.

Рәсімге қатысушыларды, сол сияқты барлық жеңімпаздарды өндіріс директоры Антонио Балдассарре құттықтады. Ол өз сөзінде барлық номинанттарды құттықтай отырып, қатысушыларға былай деді: «Бүгінгі ресми марапаттауда сіздердің көпшілігіңіз КПО-ның Қауіпсіздік ережелері бағдарламасын орындауға қосқан үлестеріңіз үшін марапатталғалы отырсыздар. Ал бұл бағдарламаға бес жыл толып отыр.

Біздің барлығымыз да 2008 жылғы техника қауіпсіздігі бойынша қол жеткен қомақты табыстың куәгеріміз, бірақ бізге осы жетістіктердің өзін 2009 жылы жақсартуды жалғастыра беруіміз қажет. Біздің қауіпсіздік ережелері Бағдарламасын техника қауіпсіздігі саласындағы біздің жетістіктерімізді қолдаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл бағдарлама КПО-ның және мердігерлік компаниялардың әрбір қызметкеріне кез-келген жүйедегі ақауды уақтылы табуға, сөйтіп, өндірісте



апатты немесе бақытсыздық жағдайды болдырмауға көмегін тигізеді. Өткен жылы біз әлемдегі ірі жоспарлы-профилактикалық жөндеу жұмыстарын табысты аяқтадық, ол белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес және бекітілген бюджет көлемінде орындалды. Профилактикалық жұмысты жүргізу кезінде Қауіпсіздік ережелері бағдарламасы кеңінен қолданылды, ол жөндеу жұмыстарын жарақатсыз және оқиғасыз аяқтап шығудың маңызды факторы болып табылады. Жобадағы жоспарлы-профилактикалық жөндеу жұмыстары келесі жолы да осылайша КПО-ның Қауіпсіздік ережелері бағдарламасын пайдаланудың арқасында табысты және қауіпсіз аяқталады деп сенемін.

Сол сияқты біз өткен жолы да қоршаған ортаны қорғау саласында үлкен табыстарға жеттік. Біз өз жүйеміздің экологиялық менеджменті бойынша ISO 14001 халықаралық сертификат сәйкестігін алдық. Бұл КПО-ның қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелерін растайтын үлкен жетістік, ал ол кейінгі жылдар ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы біздің жетістіктерімізді жақсартуды жалғастыруға көмектесетіні

сөзсіз. Өткен жыл барлығымыз үшін де тамаша жыл болды десем, бәріңіздің де келісетінізге сенемін және жетістіктерімізді мақтан етеміз».

Марапаттау рәсімі кезінде КПО-ның өндірістік нысандарында өндірістік жұмыс кезінде қауіпті жағдайларды болдырмау бойынша үздік нәтиже көрсеткен ең алдыңғы қатарлы қызметкерлер құрметті сертификаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

КПО компаниясы қауіпсіздік ережелері Бағдарламасын өндіріс орындарына енгізу процесін КПО мен оның мердігерлік ұйымдарының қауіпсіз өндірістік процестерін қадағалап отырып, авариялық жағдайлар байқала

алса кідіртпей көмек беретін барлық қызметкерлерінің жан-жақты көмегінің арқасында белсенді жүргізіп келеді.

КПО компаниясының бас директоры Роджер Фокс Қауіпсіздік ережелері бағдарламасының 2008 жылғы нәтижелері бойынша жеңімпаздар мен номинанттарды құттықтады. Өз сөзінде ол: «Бүгінгі шара биыл бес жыл толатын Қауіпсіздік ережелері бағдарламасын орындауда жеке және ұжымдық тамаша нәтижелерді көрсететін КПО-ның күнтізбесінде маңызды іс болып қалады. Мен жеңімпаздарды да, номинанттарды да құттықтағым келеді. Сіздердің жеке көшбасшылық қасиеттеріңіз, өз істеріңізге берілгендіктеріңіз бен энтузиазмдарыңыз біздің көрсеткіштеріміз бен техника қауіпсіздігі мәдениетіне қомақты үлес болып қосылды деп сенемін. Біздің жақын арадағы міндеттерімізге осы салада жаңа дағдыларды қалыптастыруға үздіксіз көмектесетін осындай мәдениетті сақтау кіреді».



Марапаттау рәсімінде.

Мұнай және газ секторын химиялық жабдықтаушылардың бірлескен форумы өтті

Аджил ККО, «Теңізшевройл» ЖШС және КПО компанияларының сатып алу процессінде жергілікті жабдықтаушылардың қатысуын арттыру үшін барынша мүмкіндік туғызу және жергілікті әлеуетті мердігерлердің бәріне тең және ашық мүмкіндіктер беру мақсатында ҚР мұнай саласындағы ірі жобалардың үш операторлары «KazEnergy» Қазақстандық мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары Қауымдастығының көмегімен Қазақстан астанасында халықаралық танымға ие өндірушілер мен химиялық өнімдермен жергілікті жабдықтаушылардың қатысуымен бірлескен форум өткізді.

Химиялық өнімдерді жүйелі түрде жеткізу және талдау мен мониторинг қызметтері Қашаған

жобасындағы және Теңіз, Қарашығанақ кен орындарының пайдалануындағы жобаларды өндіру сатыларын жүзеге асырудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Химиялық өнімдер нарығының және жабдықтаудың тасымалдауды, сақтауды, утилизация және лицензиялауды қоса алғандағы жағдайын білу мақсатында талдау өткізілді. Үш негізгі мұнай-газ операторлары – Аджил ККО, ТШО және КПО – өз жобалары шеңберіндегі жоғары және тұрақты сұранысқа байланысты химиялық өнімдердің қазақстандық нарығын арттыруды және дамытуды ынталандыру мәселесін көтерді.

Форумның мақсаты – Қазақстанның қызмет көрсету нарығын Аджил ККО, ТШО және КПО тарапынан оларға деген

сұранысы туралы халықаралық және жергілікті компаниялар мен ұйымдарға ақпарат тарату арқылы дамытуды ынталандыру; алдын ала сұраулар өткізу және кеңестер арқылы химиялық өнімдердің қалыптасып қалған халықаралық және жергілікті нарығының дамуына үлес қосу, яғни халықаралық және жергілікті компанияларға өздерінің мүмкіндіктерімен және жоспарларымен бірін-бірі таныстыру, Қазақстанда химиялық өнімдерді пайдалану саласындағы халықаралық тәжірибені пайдалану мәселелерін талқылау мүмкіндігін беру және сол арқылы шетелдік және жергілікті компаниялар арасында ынтымақтастық орнату арқылы жергілікті химиялық сектордың дамуын ынталандыру.

КПО-ның бас директоры Роджер Фокс атап айтқандай, «мұндай іс-шаралар қазақстандық мердігерлер мен жабдықтаушылармен байланыстарды одан әрі арттыруға тамаша мүмкіндік береді. КПО дерек қорларында 2400 қазақстандық өнеркәсіп тіркелген, ал 1997 жылдан бастап КПО-мен жасасқан келісім-шарттардағы Қазақстандық қатысуудың бағасы – \$2,5 миллиардтан астам соманы құрады».

«Мұнай және газ секторының негізгі операторлары Қазақстанның қатысуын дамытуда маңызды рөлге ие болса, жергілікті жабдықтаушылар да, өндірушілік қауіпсіздік, сапа және баға үлгілерімен сәйкестікті қамтамасыз ету үшін, солай біздің мердігерлермен ынтымақтастық керек» – деп қосты Роджер Фокс.

«Қазақстандық тауарлар мен қызметті тартудағы ТШО-ның жетістіктеріне көбіне осындай форумдардың ұйымдастырылуы себепкер болды. Форумдар халықаралық және қазақстандық компаниялардың арасындағы бірлескен кәсіпорындарды құруды ынталандыру жөніндегі ТШО-ның жұмысында маңызды рөл атқарды. Соңғы үш жылдың ішінде ТШО қазақстандық тауарлар мен қызметтерге 3 миллиард доллардан астам қаражат бөлінді», - деді «Теңізшевройл» ЖШС-ң материалдық-техникалық қамтамасыз етуді басқару менеджері Рене Лагорио-Френч.

«Қазақстанның қатысуын» арттыру Қазақстандағы алғашқы теңіз мұнай жобасына қатыстырылған Аджил ККО компаниясымен қатар, Қазақстан Республикасы үшін негізгі мақсаттардың бірі. Осы мәселені - жергілікті қатысууды үлесін арттыруды жүзеге асыру, қазақстандық компаниялардың дамуы мен болашағын дамытуға көмегін көрсетуге бағытталған іс-шараларды жүргізу арқылы жүзеге асырылып жатыр, халықаралық мұнай-газ өнеркәсіптер талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету. Солай Қазақстандық химия өнімдерімен

жабдықтаушылардың халықаралық жабдықтаушылармен ынтымақтастығы Аджил ККО-ң табысты жұмысына үлесін қосып қана қоймай, сонымен қатар, жобаларға қатысатын жергілікті компанияларға Қазақстанда ғана емес, халықаралық нарықта да қызмет көрсету саласында және өнімдерінің неғұрлым бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік туғызады, сол арқылы Қазақстан экономикасы үшін ұзақ мерзімді, жағымды әсер етеді.

«KazEnergy» Қауымдастығымен бірлесіп өткізілген форумға ҚР Энергетика және Минералдық ресурстар Министрлігінің; ҚР Индустрия және Сауда Министрлігінің; «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ; Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары әкімдіктерінің, химикаттар саласында қызмет көрсетумен айналысатын қазақстандық компаниялар, химикаттарды өндіруші халықаралық компаниялардың, Қазақстан Республикасының әр түрлі облыстарындағы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың басшылары және мамандары шақырылды.

«KazEnergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының ассоциациясы заңды тұлғалар бірлестігі 2005 жылы қарашада мұнай-газ және энергетикалық сектор компаниялары және мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы диалогты дамыту, әлеуметтік ынталардың тиімділігін арттыру мақсатында және де Қазақстанның жанар-жағармай және энергетикалық секторы тиімділігінің жаңа деңгейін ұйымдастыру процесін тездетуге арналып құрылған.



КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексінің бірінші басылымы 1999 жылы қыркүйек айында шықты. Ол Мінез-құлық, әрекет кодексі бақылау және орындау бөлімдерімен толықтырылды, сол сияқты қызметкерлер мен басшылардың жауапкершілігін арттыру жөніндегі кейбір ережелер қосылды. 2007 жылы Әділет Департаменті жанынан негізгі саясат пен Мінез-құлық, әрекет Кодексіні қамтамасыз ету процедурасын сақтау жөніндегі топ құрылды.

«Карачаганақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы дамуының екінші онжылдығының басталуы, сол сияқты жалғасып келе жатқан өлемдік экономикалық және қаржылық дағдарыс КПО компаниясының алдына нақты міндеттер қойды – мұнда тәзімділігі сынға түседі, қызметті барлық жағынан жаңартудың жаңа перспективалары, Қарашығанақ кен орнын ары қарай игерудің қиын болса да шешілетін міндеттері ұсынылады.

Өндірісте, еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау саласында табысты қызметті жалғастыра беру үшін кәсіпорнын басшылығы алдағы ұзақ жылдарға арнап өткен жылы КПО-ның Мінез-құлық, әрекет

КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексі – компанияның бағдарламалық құжаты

Кодексіні жаңарту туралы шешім қабылдады. Құжатты жасаушылардың алдына бұл құжат қысқаша, нақты әрі түсінікті және Қазақстанның жаңа заманға сай өркендеу кезеңінің талаптары мен компания құрылтайшыларының басты міндеттеріне сәйкес болуы тиіс деген негізгі міндет қойылды. Сонымен бірге бұл құжат КПО мен оның мердігерлік ұйымдарының қызметкерлерін басты құндылықтарды, іскерлік принциптер мен этикалық стандарттарды бұлжытпай сақтай отырып, жоғары нәтижелерге жетуге бағыттауға тиіс.

2009 жылдың басында осы міндет орындалған болатын. КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексінің жаңартылған түрін Сәйкестікті сақтау жөніндегі комитет бекітіп, Мердігерлер комитеті (КПО құрылтайшылары) қолдау білдірді. Бүгінгі күні жаңартылған КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде брошюралар мен плакаттар етіп шығаруға жұмыстанылууда. Осы бағдарламалық құжатты

кеңінен түсіндіру үшін әрбір департаменттің қызметкерлері арасында жиналыстар өткізу жоспарлануда.

Сонымен, жаңартылған КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексі деген қандай құжат? Бұл біздің өзіміздің берер бағамыз: біз кімбіз, біз не істеп жатырмыз, және біздің болашағымыз қандай болуы керек. Бұл адамның барлық құқықтарын қорғайтын басты құндылықтарымызды, іскерлік принциптеріміз бен жоғары этикалық стандарттарымызды бір жерге біріктіруші бағдарламалық құжат.

КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексінің негізін компания қызметінің бағытын беретін стратегиялық тапсырмалар мен переспективалық міндеттер құрайды. Стратегиялық тапсырма құрылтайшыларға, Қазақстан Республикасына, Батыс Қазақстан облысына және КПО қызметкерлеріне көбірек пайда келтіруден тұрады.

КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексі компанияның атынан жұмыс жасайтын барлық қызметкерлерге ешқандай

бөлектеусіз қолданылады. Компанияның барлық қызметкерлері белгіленген жоспарларды орындаудың бәр жағдайын жасауға, басты байлықтарымызды мұқият сақтауға және іскерлік принциптерімен жүруге міндетті.

Жаңартылған КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексінің маңызды бөлімі болып біздің қызметкерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сол сияқты біздің активтеріміз бен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «КПО-ның Алтын Ережесін» қатаң орындауды қарастыратын техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері болып табылады. Компания бұдан кейін де қауіпсіз еңбек жағдайын жетілдіру мен экологиялық стандарттарға сәйкестендіруге бағытталған өндірісті қауіпсіз жүргізудің алдыңғы қатарлы жүйелерін енгізіп және қолдана беретін болады.

Бұл бағдарламалық құжатқа КПО-ның персоналы атты жаңа бөлім енгізілген, онда компанияның негізгі капиталы оның қызметкерлері екені атап

көрсетілген.

Мінез-құлық, әрекет Кодексі стратегиясын белгілеу мен түсіндіру, бастама көтеру жауапкершілігі жүктелген әртүрлі дәрежедегі компания басшыларының көшбасшылық қасиеттерін үнемі арттырып отыруды қарастырады, өйткені олар КПО-ның жоғары көрсеткіштерге жетуіне және ары қарай өсуіне жеке жауап береді.

Жаңартылған Мінез-құлық, әрекет Кодексі барлық қызметкерлерінен мінез-құлық стандарттарын сақтауды, адал, шын беріліп және ашық жұмыс жасауды, кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өндірістік нәтижелер әрбір қызметкердің мінез-құлық, іс-әрекетіне және құрылымдық бөлімдердің өзара қарым-қатынасына қатысты екенін әркез есте ұстау қажет.

КПО басшылығы Қарашығанақ кен орнын игеруге қатысты әрбір адам жаңартылған КПО-ның Мінез-құлық, әрекет Кодексіні бұлжытпай орындайтын болса, ол компанияның Қазақстандағы мұнайгаз саласында көшбасшылық орын алуына көмектесер еді деп сенеді.

Мереке ағамен демалысқа бару

КПО компаниясы жылдағыдай «Талап» АҚ жанындағы гимназияның сауықтыру лагеріне балалар демалысына демеушілік көрсетті.

Маусымнан бастап 140-тан астам бала 10 күндей осы лагерде денсаулықтарын түзеді және көңілді демалды. Олардың көбісі Қарашығанақ жақын орналасқан ауылдардың аз қамтылған отбасынан, сол сияқты оқу озаттары.

«Талап» сауықтыру лагері Батыс Қазақстандағы балалар үшін ең жақсы демалыс орындарының бірі. Лагерь жасыл желекке бөленген, ойын алаңдары мен демалыс аймағы бар. Балардың тыныштығы күзетшілердің үнемі бақылауында болады.

Балаларды лагерьге апару үшін КПО компаниясы жақсы, жылғы автобустар бөлген. Оларды жылдағыдай тұрғындармен байланыс бөлімінің тәжірибелі қызметкері Мереке Құрманғали апарып, орналастырды. Көп жылдан бері балалардың барлығы Мереке аға деп бірауыздан атап кеткен ағалары оларды жазғы каникул күндерінде сауықтыру лагерлері мен санаторийлерге апарып жүр. Мереке Құрманғали балаларды өте жақсы көреді және олармен жылдам тіл табысады. Сондықтан онымен «Талап» сауықтыру лагеріне балалар тез әрі шаршамай жетіп қалады.

Мереке Құрманғалидың айтуынша, лагерде балалардың қасында әруақытта тәрбиешілері, балалар дәрігері мен медбикелері болады. Олар физиокабинетте дәрігерлер тағайындаған процедураларды қабылдайды, сол сияқты офтальмолог пен стоматологтың тиісті кеңесін алады.



Халықаралық стандарттарға сәйкес

КПО-ның персоналды оқыту мен жан-жақты дамыту бөлімі жақында халықаралық сертификатталған, Британдық көшбасшылық және менеджмент Институты (Institute of Leadership Management) кредиттеген Халықаралық менеджмент (IMQ) бағдарламасы бойынша тағы да сабақ басталғанын хабарлады.

Былғы жылы КПО-ның 59 қызметкері Халықаралық менеджмент бағдарламасы бойынша оқуды бастамақ. Оқуды табысты аяқтағаннан кейін олар соған сәйкес сертификат-

тар алады. Бұдан басқа, 15 адам оқуды бітіргені туралы диплом алатын болады.

КПО-да 2006 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан менеджмент бағдарламасы басқару саласында қабылданған халықаралық принциптерге сәйкес, өндірістен қол үзбей, ұлттық кадрлар бағдарламасы шеңберінде қазақстандық персоналды оқытуға бағытталған. Өз кезегінде жетекшілік дағдының дамуы бағдарламаны бітірушілердің кәсібилігін жоғарылатады, ал бұл дегеніміз олар қызметте есудің ажырамас бөлігі

болып табылады.

Осы жылдар ішінде КПО-ның жүзден астам қызметкері осы бағдарлама бойынша оқуларын табысты аяқтап шықты. Халықаралық менеджмент (IMQ) бағдарламасында басқарушылық дағдыларды дамытудың түрлі әдіскерлік, мәселен, өзін-өзі басқару, кадрларға және ақпаратқа басшылық жасау сияқты тәсілдері бар. Халықаралық менеджмент (IMQ) бағдарламасы басқарушылық дағдыларды дамытудың бағалы құралы болып табылады.



Халықаралық менеджмент бағдарламасының оқушылары.

Жас музыканттарға арналған скрипкалар

Ақсай қаласындағы Балалар саз мектебінің оқушылары жас музыканттарға арналған Скрипка сазы кешін өткізді. Олар бұл кешті өздерінің тамаша ұстаздары, скрипка класының қаладағы жалғыз мұғалімі, өз ісінің насихатшысы – Ирина Ароновна Гаппазоваға арнады.

Концерттік бағдарламаны ұжымның ең кіші құрамы ашты. 10 жасар музыканттарды осындай жастағы жас пианист Динара Мұстафина сүйемелдеді.

Жас музыканттарды, олардың ата-аналарын және ұстаздарды сол күні үлкен қуаныш күтіп тұр еді. КПО компаниясының тұрғындарымен жұмыс бөлімінің қызметкерлері Зульфия Мұзафарова мен Ақмарал Адилова концертке жас скрипкашыларға арналған сыйлықтарымен келіпті. Тұрғындармен жұмыс бөлімінің жетекшісі Зульфия Мұзафарова саз мектебінің скрипкашылары мен олардың жетекшілерін қол жеткен табыстарымен құттықтай отырып, КПО компаниясының демеушілік комитетінің Бөрілі балалардың саз мектебіне 16 скрипка алып беру жөніндегі шешімін жариялады. Скрипка өнерінің мерекелік кеші сыйлықтар берумен аяқталды.